азабынан, Өзіңнен пана тілеймін".

***Кешкісін бір рет:***

"أَمْسَيْنَا وَأَمْسَى الْمُلْكُ لِلَّه وَالْحَمْدُ لِلَّه، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَـهُ، لَـهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، رَبِّ أَسْأَلُكَ خَيْرَ مَا فِي هَذِه اللَّيْلَـةِ وَخَيْرَ مَا بَعْدَهَا وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا فِي هَذِه اللَّيْلَةِ وَشَرِّ مَا بَعْدَهَا، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْكَسَلِ، وَسُوءِ الْكِبَرِ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابٍ فِي النَّارِ وَعَذَابٍ فِي الْقَبْرِ"

"Біз кеш батырдық және Алланың барша мүлкі кеш батырды. Барлық мақтаулар Аллаға тән, Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ және Оның серігі жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол әр нәрсеге Құдіретті. Ей Раббым! Сенен осы түндегі және кейінгі түндердегі жақсылықты сұраймын және осы түндегі және одан да кейінгі түндердегі жамандықтан Өзіңнен пана тілеймін. Ей Раббым! Жалқаулық пен кәріліктің жамандығынан Өзіңнен пана тілеймін. Ей Раббым! Тозақ азабымен қабір азабынан Өзіңнен пана тілеймін".

***Кешкісін бір рет:***

"اَللَّهُمَّ بِكَ أَمْسَيْنَا وَبِكَ أَصْبَحْنَا وَبِكَ نَحْيَا وَبِكَ نَمُوتُ وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ"

“Ей Алла! Сенің көмегіңмен кеш батырдық және сенің көмегіңмен таң атырдық, Сенің әміріңмен тірілеміз және Сенің әміріңмен жан тапсырамыз, барар жеріміз де Сен жақ”.

***Кімде- кім осы дұғаны бір жерге түскенде үш рет оқыса, сол жерден кеткенше оған еш нәрсе зарар бермейді:***

"أَعُوذُ بِكَلِمَاتِ اللَّهِ التَّامَّاتِ مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ"

"Алланың толық сөздерімен, жаратылған нәрселердің жамандығынан пана тілеймін".



## ПАРЫЗ НАМАЗДАРДАН КЕЙІН ОҚЫЛАТЫН ЗІКІРЛЕР

"Алладан кешірім тілеймін" 3 рет "أَسْتَغْفِرُ اللهَ"

"اَللَّهُمَّ أَنْتَ السَّلاَمُ، وَمِنْكَ السَّلاَمُ، تَبَارَكْتَ يَا ذَا الْجَلاَلِ وَالإِكْرَامِ، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، اَللَّهُمَّ لاَ مَانِعَ لِمَا أَعْطَيْتَ وَلاَ مُعْطِيَ لِمَا مَنَعْتَ وَلاَ يَنْفَعُ ذَا الْجَدِّ مِنْكَ الْجَدُّ"

“Ей Алла! Сен барлық кемшіліктерден пәксің, және кемшіліксіздік те Сенен, Ей құрмет пен жомарттық Иесі, Сенің берекелігің артты! Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ және Оның серігі де жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол әр нәрсеге Құдіретті. Ей Алла! Сенің бергеніңді тыюшы ешкім жоқ, Сенің тыйғаныңды беруші де ешкім жоқ және дәулеттіге дәулет Сенің алдыңда пайда бермейді, (пайда беретін иман және ізгі амал) дәулет Өзіңнен ғана! ”.

"لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ. لاَ حَوْلَ وَلاَ قُوَّةَ إِلاَّ بِاللَّه، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ، وَلاَ نَعْبُدُ إِلاَّ إِيَّاهُ، لَهُ النِّعْمَةُ وَلَهُ الْفَضْلُ وَلَهُ الثَّنَاءُ الْحَسَنَى، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ وَلَوْ كَرِهَ الْكَافِرُونَ"

"Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ, және Оның серігі де жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол әр нәрсеге Құдіретті. Күш – қуат тек Алладан ғана. Алладан басқа тәңір жоқ, біз Оған ғана ғибадат қыламыз. Нығымет қылу, кеңшілік ету және көркем мақтаулар Оған ғана тән! Алладан басқа тәңір жоқ, кәпірлер жек көрсе де біз дінде Аллаға шынайы түрде ғибадат қыламыз!".



“Алла барлық кемшіліктерден пәк” (33рет) "سُبْحَانَ اللهِ"

“Барлық мақтаулар Аллаға тән” (33рет) "اَلْحَمْدُ لِلَّهِ"

“Алла әр нәрседен Ұлы” (33рет) "اَللهُ أَكْبَرُ"

***Жүзіншіде:***

"لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ"

"Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ, және Оның серігі де жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол әр нәрсеге Құдіретті".

*Кімде- кім осы дұғаны әр намаздан кейін оқыса, теңіздің көбігіндей көп күнәсі болса да кешіріледі.*

***“Аятуль-Курсі”:***

﴿اَللَّهُ لاَ إِلَهَ إِلاَّ هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ ...﴾ سورة البقرة ٢٥٥

**“Алла, Одан басқа тәңір жоқ, Ол тірі және мәңгі басқарып тұрушы ...”.** Бақара 255

*Кімде- кім осы аятты әр намаздан кейін оқыса, оның жәннатқа кіруінен өлімі ғана бөгеп тұрады.*

***Әр намаздан кейін бір рет, таң және ақшам намаздарынан кейін үш рет оқылады:***

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ...﴾ ﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ...﴾ ﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ ...﴾

***Таң және ақшам намаздарынан кейін он рет оқылады:***

"لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ يُحْيِي وَيُمِيتُ وَهُوَ عَلَـى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ"

"Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ, және Оның серігі де жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол тірілтуші әрі жан алушы. Ол әр нәрсеге Құдіретті".



بسم الله الرحمن الرحيم

Алла Тағала айтты: ﴿فَاذْكُرُونِي أَذْكُرْكُمْ وَاشْكُرُوا لِي وَلاَ تَكْفُرُونِ﴾ سورة البقرة ١٥٢

**“Мені зікір етіңдер, Мен де сендерді зікір етемін. Маған шүкірлік етіңдер де, күпірлік қылмаңдар”.**



**СЫЙЛЫҚ**

# МҰСЫЛМАННЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ОҚИТЫН ЗІКІРЛЕРІ

**أذكار المسلم اليومية باللغة القزاقية**

# ТАҢЕРТЕҢГІ ЖӘНЕ КЕШКІ ЗІКІРЛЕР

***<u>"Аятуль-Курсі": таңертең, кешкісін және ұйықтар алдында оқылады.</u>*** *(шайтаннан қорған болады)*

﴿اللَّهُ لاَ إِلَهَ إِلاَّ هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لاَ تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلاَ نَوْمٌ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلاَّ بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلاَ يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِنْ عِلْمِهِ إِلاَّ بِمَا شَاءَ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلاَ يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ﴾ سورة البقرة ٢٥٥

**"Алла, Одан басқа тәңір жоқ, Ол тірі және мәңгі басқарып тұрушы. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жердегі барлық нәрсе Оның иелігінде. Оның алдында Оның рұқсатынсыз кім шапағат қылсын?! Ол пенделердің келешегі мен өткенін біледі, ал олар Оның қалағанынан өзге еш нәрсені білмейді. Оның күрсейі көктер мен жерді өз аукымына алады және ол екеуін қорғау Оған қиын емес. Ол Биік әрі Үстем".** Бақара 255

***<u>Әр қайсысын таңертең және кешкісін үш реттен:</u>***

بسم الله الرحمن الرحيم

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ(١) اللَّهُ الصَّمَدُ(٢) لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ(٣) وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ(٤)﴾

Мейірімді Рахымды Алланың атымен бастаймын.

**"Ей Мұхаммед: "Алла жалғыз. Алла-Самад, (яғни мұңсыз, еш нәрсеге мұқтаж емес, керісінше, барлық жаратылыстар бір Аллаға мұқтаж). Тумаған да туылмаған, және ешкім де Оған тең емес"-де".**

بسم الله الرحمن الرحيم

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ(١) مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ(٢) وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ(٣) وَمِنْ شَرِّ



النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ(٤) وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ(٥)﴾

Мейірімді Рахымды Алланың атымен бастаймын.

**"Ей Мұхаммед: "Таңның Раббысынан пана тілеймін, жаратқан нәрселерінің кесірінен, қараңғылығы басқан түннің кесірінен, түйіншектерге дем салушы, (яғни сиқыршы әйелдердің) кесірінен, күншілдердің күндеуінің кесірінен"-де".**

بسم الله الرحمن الرحيم

﴿قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ(١) مَلِكِ النَّاسِ(٢) إِلَهِ النَّاسِ(٣) مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ(٤) الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ(٥) مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ(٦)﴾

Мейірімді Рахымды Алланың атымен бастаймын.

**"Ей Мұхаммед: "Адамдардың Раббысынан, адамдардың Иесінен, адамдардың Тәңірінен пана тілеймін, сыбырлап азғырушының кесірінен, адамдардың жүректеріне азғыру салатын жындар мен адамдардың кесірінен"- де".**

***<u>"Сайидуль-Истиғфар" таңертең және кешкісін бір рет:</u>***

"اَللَّهُمَّ أَنْتَ رَبِّي لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ خَلَقْتَنِي وَأَنَا عَبْدُكَ وَأَنَا عَلَى عَهْدِكَ وَوَعْدِكَ مَا اسْتَطَعْتُ أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا صَنَعْتُ أَبُوءُ لَكَ بِنِعْمَتِكَ عَلَيَّ وَأَبُوءُ لَكَ بِذَنْبِي فَاغْفِرْ لِي فَإِنَّهُ لاَ يَغْفِرُ الذُّنُوبَ إِلاَّ أَنْتَ"

"Ей Алла! Сен менің Раббымсың, Сенен басқа тәңір жоқ. Сен мені жараттың, мен Сенің құлыңмын және де шамам келгенше Саған берген сертім мен уәдемде тұрамын. Жасаған жамандықтарымнан Өзіңнен пана тілеймін, маған берген нығметтеріңді мойындаймын және өз күнәларымды да мойындаймын, мені кешіре гөр! Өйткені, расында да Сенен өзге күнәларды кешіруші ешкім жоқ". (*Осыны айқын сеніммен кешкісін айтқан кісі сол түні қайтыс болса,жәннатқа кіреді. Таң*



*атқанда айтқан кісіде сондай).*

***<u>Таңертең және кешкісін бір рет:</u>***

"اَللَّهُمَّ عَالِمَ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ فَاطِرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ، رَبَّ كُلِّ شَيْءٍ وَمَلِيكَهُ، أَشْهَدُ أَنْ لاَ إِلَهَ إِلاَّ أَنْتَ، أَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ نَفْسِي، وَمِنْ شَرِّ الشَّيْطَانِ وَشِرْكِهِ، وَأَنْ أَقْتَرِفَ عَلَى نَفْسِي سُوءًا، أَوْ أَجُرَّهُ إِلَى مُسْلِمٍ"

"Ғайыппен әшкерені Білуші, көктер мен жердің Жаратушысы және әр нәрсенің Раббысы және Иесі болған ей Алла! Сенен басқа ешбір тәңірдің жоқ екендігіне куәлік беремін, және өз нәпсімнің кесірінен, шайтанның да кесірімен ортақ қосуынан Өзіңнен пана тілеймін, және өзіме не басқа бір мұсылманға жамандық қылуымнан Өзіңнен пана тілеймін".

***<u>Таңертең және кешкісін үш рет:</u>***

"رَضِيتُ بِاللهِ رَبًّا، وَبِالْإِسْلاَمِ دِينًا، وَبِمُحَمَّدٍ ﷺ نَبِيًّا"

"Аллаһты Раббы, исламды дін және Мұхаммедті ﷺ.пайғамбар -деп разы болдым!"

***<u>Таңертең және кешкісін үш рет:</u>***

"بِسْمِ اللَّهِ الَّذِي لاَ يَضُرُّ مَعَ اسْمِهِ شَيْءٌ فِي الْأَرْضِ وَلاَ فِي السَّمَاءِ وَهُوَ السَّمِيعُ الْعَلِيمُ"

"Оның есімімен бірге көктермен жердегі ешбір нәрсенің зияны тимейтін, Алланың атымен пана тілеймін! Ол Естуші әрі Білуші".

***<u>Таңертең бір рет:</u>***

"اَللَّهُمَّ بِكَ أَصْبَحْنَا وَبِكَ أَمْسَيْنَا وَبِكَ نَحْيَا وَبِكَ نَمُوتُ وَإِلَيْكَ النُّشُورُ"

"Ей Алла, Сенін көмегіңмен таң атырдық және Сенің көмегіңмен кеш батырдық. Сенің әміріңмен тірілеміз және Сенің әміріңмен жан тапсырамыз және Сенің алдыңа қайта жиналамыз".



***<u>Таңертең, кешкісін және ұйықтар алдында бір рет:</u>***

"اَللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَفْوَ وَالْعَافِيَةَ فِي الدُّنْيَا وَالْآخِرَةِ، اَللَّهُمَّ إِنِّي أَسْأَلُكَ الْعَفْوَ وَالْعَافِيَةَ فِي دِينِي وَدُنْيَايَ، وَأَهْلِي وَمَالِي، اَللَّهُمَّ اسْتُرْ عَوْرَاتِي، وَآمِنْ رَوْعَاتِي، اَللَّهُمَّ احْفَظْنِي مِنْ بَيْنِ يَدَيَّ وَمِنْ خَلْفِي وَعَنْ يَمِينِي وَعَنْ شِمَالِي وَمِنْ فَوْقِي وَأَعُوذُ بِعَظَمَتِكَ أَنْ أُغْتَالَ مِنْ تَحْتِي"

"Ей Алла! Мен Сенен дүние мен ақыреттегі жарылқау мен амандықты тілеймін! Және дініммен тұрмыс - тіршілігімде, отбасым мен малымда жарылқау мен амандықты тілеймін! Ей Алла! Менің айыптарымды жасыр және қорыққанымнан аман қыл. Ей Алла! Мені алды - артымнан, оңым мен соңымнан және үстімнен Өзің сақта, және жер апаттарына ұшыраудан Өз ұлықтығыңмен пана тілеймін!".

***<u>Таңертең бір рет:</u>***

"أَصْبَحْنَا وَأَصْبَحَ الْمُلْكُ لِلَّهِ وَالْحَمْدُ لِلَّهِ، لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللَّهُ وَحْدَهُ لاَ شَرِيكَ لَهُ، لَهُ الْمُلْكُ وَلَهُ الْحَمْدُ وَهُوَ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ، رَبِّ أَسْأَلُكَ خَيْرَ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ وَخَيْرَ مَا بَعْدَهُ وَأَعُوذُ بِكَ مِنْ شَرِّ مَا فِي هَذَا الْيَوْمِ وَشَرِّ مَا بَعْدَهُ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنَ الْكَسَلِ، وَسُوءِ الْكِبَرِ، رَبِّ أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابٍ فِي النَّارِ وَعَذَابٍ فِي الْقَبْرِ"

"Біз таң атырдық және Алланың барша мүлкі таң атырды. Барлық мақтаулар Аллаға тән, Алла жалғыз, Одан басқа тәңір жоқ және Оның серігі жоқ. Билік пен мақтаулар Оған ғана тән. Ол әр нәрсеге Құдіретті. Ей Раббым! Сенен осы күндегі және кейінгі күндердегі жақсылықты сұраймын және осы күндегі және одан да кейінгі күндердегі жамандықтан Өзіңнен пана тілеймін. Ей Раббым! Жалқаулық пен кәріліктің жамандығынан Өзіңнен пана тілеймін.Ей Раббым! Тозақ азабымен, қабір